

«Биология» пәнінен 2-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

Оқушының аты-жөні: _____

1. Адам ағзасының ішкі ортасы мен оның компоненттері арасындағы сәйкестікті анықтаңыз.

ІШКІ ОРТА КОМПОНЕНТТЕРІ	АҒЗА ІШКІ ОРТАСЫ
А) қан плазмасынан түзіледі Б) ағза жасушаларын қоршайды В) антиденелермен фагоциттердің көп мөлшері Г) қанға нәруыз, су және тұздарды қайтарады Д) плазма және қан жасушаларынан тұрады Е) тромб түзуге қабілетті	қан лимфа жасуша аралық сұйықтық

- 1.....
 2.....
 3.....


[3]

2. Қанның формалық элементтерінің түзілетін орнын көрсетіңіз.


- А) бүйректе және сүйек майында
 В) лимфа түйіндері, сүйек кемігі және тимуста
 С) көкбауыр мен аралас секреция бездерінде
 Д) тек лимфа түйіндерінде

[1]

3. Суретте микроскоппен көрінген бақа мен адам қан жасушалары бейнеленген.



Бақа қаны жасушалары



Адам қаны жасушалары

(a) Бақа мен адам қан жасушаларының айырмашылығы неде?

.....

[1]

(b) Кімнің қаны көп оттегін тасымалдайды? Жауабыңызды түсіндіріңіз.

.....

[1]

4. Лейкоциттер қайда қатысады?

- А) жасушалық және гуморальды иммунитетте
 В) жасушалық иммунитет реакцияларында
 С) фагоцитозда
 Д) гуморальды иммунитетте

[1]

5. Сызбадағы бос орындарды толтырыңыз.



[3]

6. Саңырауқұлақтар, қарапайымдар, бактериялар және вирустар арқылы берілетін аурулардың алдын алу жолыдарын ұсыныңыз.

- A) қолды сабынмен жуу
- B) ауру адамға маска кигізу
- C) вакцинация
- D) ауру адаммен қарым қатынасты шектеу

[1]

7. Вакцина әлсіз немесе өлген микроағзалардан немесе олардың тіршілік әрекетінің өнімдерінен дайындалады. Әр жаста вакцина алған адамдар неге инфекциялық аурулармен ауырмайды?

.....



[3]

8. Резус-конфликт терминіне анықтама бер.

.....

[1]

9. Қанайналым-қанның ағзадағы қозғалысы.



(a) Қан айналым жүйесінің типтерін атаңыз.

.....


[1]

(b) Суретте берілген жануарлардың қан айналым жүйесінің ерекшелігін сипаттаңыз.

.....

[2]

10. Суретте қан тамырлары берілген.



(a) Суретте вена қантамырын белгілеп көрсетіңіз.

[1]

(b) Артерия қан тамырының құрылыс ерекшелігі мен қызметін сипаттаңыз.

.....

[2]

11. Адам дене жаттығуларын жасағанда жүрек соғуы жиілейді. Жаттығу барысындағы жүрек жұмысын сипаттаңыз және түсіндіріңіз.

.....

[3]

12. Өкпелік тыныс алумен ұлпалық тынысалудың бір айырмашылығын көрсетіңіз.

.....
.....
.....
.....

[1]

13 Қандағы CO₂ концентрациясының ұлғаюынан бастап адамдағы қалыпты тыныс алу мен тыныс шығару дұрыс реттілігін жазыңыз.

- 1) көкет жырылуы
- 2) оттегінің концентрациясы артуы
- 3) CO₂ концентрациясы артуы
- 4) сопақша мидағы хеморецепторлар тітіркенуі
- 5) тыныс шығару
- 6) көкет босаңсуы

.....

[1]

14. ӨТС-өкпенің тіршілік сыйымдылығы дегеніміз не?


.....
.....
.....

[1]

15. Арнайы дене жаттығу бағдарламасымен жұмыс жасайтын адамның өкпесінің тіршілік сыйымдылығы(ӨТС) өлшенді. Бұл адамның өкпесінің тіршілік сыйымдылығын 60 күн бойы өлшеді. Нәтижесі төмендегі кестеде берліген.

(a) Өлшемдерді пайдаланып, график сызыңыз.

Күн	ӨТС
0	4800
10	4840
20	4890
30	4930
40	4980
50	5180
60	5260



Өлшемдер

[2]

(b) Бақылау барысында адамның өкпесінің тіршілік сыйымдылығында қандай өзгеріс болды? Жауабыңызды түсіндіріңіз.

.....
.....
.....
.....
.....

[1]

